

Румынияның Президенті И.Илиескудің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 4 қыркүйектегі N 204-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Румыния арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2003 жылғы 8-10 қыркүйекте Астана, Алматы қалаларында және Қарағанды облысында Румынияның Президенті И.Илиескудің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2003 жылғы 8-10 қыркүйекте Астана, Алматы қалаларында және Қарағанды облысында Румынияның Президенті И.Илиескудің Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Румыния делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қ а б ы л д а с ы н ;

2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды және бизнес-форумды өткізу шығыстарын қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Румыния делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Румынияның Президенті арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана, Алматы және Қарағанды қалаларына әуежайларына қонуын және олардан ұ ш ы п ш ы ғ у ы н ;

Астана, Алматы және Қарағанды қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан Румынияның Президенті И.Илиескудің құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.

7. Алматы қаласында Қазақстан Республикасының және Румынияның іскер топтары өкілдерінің қатысуымен бизнес форум өткізу үшін қажетті залды, слайд-проекторды, компьютерді, ілеспе аудармаға арналған жабдықтарды, құлақшаларды, микрофондарды жалға алуға және минералдық сусынды алуға ақы төлеу.

8. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.